

"Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының басшылары, мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 191 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 45 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 2 сәуірде № 35920 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының басшылары, мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 191 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14052 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабының 17) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының басшылары, мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты күшіне енгеннен кейін үш жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің ресми интернет - ресурсында орналастыруды;

3) осы тармақта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін үш жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"Келісілді"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасы
туризм және спорт министрі
2025 жылғы 1 сәуірдегі
№ 45 Бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт
министрінің
2016 жылғы 29 маусымдағы
№ 191 бұйрығына қосымша

Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының басшылары, мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының басшылары, мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары (бұдан әрі – біліктілік сипаттамалары) кадрларды дұрыс іріктеуге және орналастыруға, олардың біліктілігін арттыруға, қызметкерлерді аттестаттауға, басшылар, мамандар арасында еңбекті бөлуге, сондай-ақ қызметкерлердің осы санаттарының лауазымдық міндеттерін және оларға қойылатын еңбекақы төлеу санаттары бойынша біліктілік талаптарын айқындауда бірыңғайлықты қамтамасыз етуге ықпал етуге бағытталған.

2. Бухгалтер, экономист, заңгер, кадрлар жөніндегі маман, аудармашы мамандар лауазымдарының біліктілік сипаттамалары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 775 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14281 болып тіркелген) бекітілген Барлық қызмет салаларына ортақ мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар мамандарының жекелеген лауазымдарының біліктілік сипаттамаларында айқындалған.

Басшылар мен мамандар, ғылыми қызметкерлер, бағдарламалық қамтамасыз ету саласындағы, мемлекеттік сатып алу жөніндегі мамандар және өзге де инженерлік-техникалық персонал лауазымдарының біліктілік сипаттамалары Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 болып тіркелген) басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығында айқындалған.

3. Лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеу кезінде нақты ұйымдастыру-техникалық жағдайларында тиісті лауазымға тән жұмыстар тізімін нақтылауға рұқсат етіледі және қызметкерлерді қажетті арнайы даярлауға қойылатын талаптар белгіленеді.

4. Біліктілік сипаттамалар Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігімен әзірленді.

2-тарау. Басшылар лауазымдарының біліктілік сипаттамалары

1-параграф. Ұйым басшысы

5. Лауазымдық міндеттері:

қабылданатын шешімдердің кейінгі салдарына, ұйымның мүлкін сақтау мен тиімді пайдалануға, сондай-ақ оның қызметінің әкімшілік-шаруашылық нәтижелеріне жауап бере отырып, ұйымның өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды;

ұйымның саясатын, стратегиясын және оны іске асырудың тетіктерін айқындайды; оқу-жаттығу және тәрбиелік процестерде спорттық-әдістемелік және материалдық-техникалық базаны ұйымдастырады және жетілдіреді;

педогогикалық кеңестің жұмысына басшылық жасайды;

ұйымның жұмыс жоспарын, спорттық жетілдірудің әртүрлі кезеңдерінде спортшыларды даярлаудың жоспарларын және бағдарламасын бекітеді;

барлық құрылымдық бөлімшелердің олардың қызметін жетілдіруге бағытталған өзара тиімді іс-қимылы мен жұмысын ұйымдастырады, сондай-ақ олардың қызметін жоғары жетістіктер спорты мен бұқаралық спортты дамытуға бағыттайды;

жаттықтырушылар, жаттықтырушы-оқытушылар, нұсқаушылар және әдіскерлердің біліктілігін арттыруды, спортшыларды дайындау деңгейін және спортшылардың спорттық шеберлігін арттыру мақсатында дене шынықтыру және спорт саласындағы шет елдің озық тәжірибесін зерделеуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды;

лауазымды тұлғаларға – орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына ұйым қызметінің жекелеген бағыттарын жүргізуді тапсырады;

қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру, көтермелеу және жұмыстан шығару туралы шешім қабылдайды, ұйымның құрылымын, штаттық кестесін, ұйым қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

спортшылардың контингентін қалыптастырады, оқу-жаттығу және оқу-тәрбиелік процестері кезінде спортшылар мен ұйым қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтаудың қажетті жағдайларын жасайды;

тиісті саланың уәкілетті органдарына ұйымның әкімшілік-шаруашылық және оқу-жаттығу қызметтерінің есебін ұсынады;

ұйымның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, өнім берушілер,

тапсырыс берушілер мен банктерді қоса алғанда кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (келісімшарттардың) орындалуын қамтамасыз етеді;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдауда дербес жауапкершілікте болады;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

6. Білуі тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы (бұдан әрі – Конституция);

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі (бұдан әрі – Бюджет кодексі);

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі (бұдан әрі – Еңбек кодексі);

Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (бұдан әрі – ӘРПК);

"Мемлекеттік құпиялар туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Білім туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы (бұдан әрі – Үкіметтің № 1193 қаулысы);

педагогика, психология және физиология негіздері;

дене шынықтыру және спорт саласындағы нормативтік құқықтық актілерді;

еңбекті ұйымдастыру және басқару негіздерін;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі бойынша талаптарын.

7. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлау бағыттарының бірі бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Дене шынықтыру және спорт", "Бизнес, басқару және құқық" мамандықтары бойынша педагогикалық ғылымдар;

еңбек өтілі:

1) республикалық заңды тұлғалар үшін – дене шынықтыру және спорт саласында немесе дене шынықтыру және спорт саласында басшы лауазымдарда кемінде бес жыл, немесе Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған адамдар үшін кемінде бес жыл, немесе дене шынықтыру және спорт саласында немесе "Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарлығына сәйкес шетелде кадрлар даярлау

жөніндегі республикалық комиссияның жұмыс органымен (бұдан әрі - Жұмыс органы) бекітілген шетелдік жоғары оқу орындарындағы басым мамандықтар бойынша немесе Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған адамдар үшін басшылық лауазымдарда және "Дене шынықтыру және спорт", "Бизнес, басқару және құқық" мамандықтары бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыттарының бірі бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін кемінде төрт жыл;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың коммуналдық заңды тұлғалары үшін – дене шынықтыру және спорт саласында немесе дене шынықтыру және спорт саласында басшы лауазымдарда кемінде төрт жыл, немесе Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған адамдар үшін кемінде бес жыл, немесе дене шынықтыру және спорт саласында немесе Жұмыс органымен бекітілген шетелдік жоғары оқу орындарындағы басым мамандықтар бойынша немесе Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған адамдар үшін басшылық лауазымдарда және "Дене шынықтыру және спорт", "Бизнес, басқару және құқық" мамандықтары бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыттарының бірі бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін кемінде үш жыл;

3) қалалық, аудандық коммуналдық заңды тұлғалар үшін – дене шынықтыру және спорт саласында немесе басшылық лауазымдарда кемінде бір жыл, не Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған адамдар үшін кемінде бес жыл еңбек өтілі, не дене шынықтыру және спорт саласында немесе Жұмыс органымен бекітілген шетелдік жоғары оқу орындарындағы басым мамандықтар бойынша немесе Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған адамдар үшін басшылық лауазымдарда және "Дене шынықтыру және спорт", "Бизнес, басқару және құқық" мамандықтары бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыттарының бірі бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін кемінде екі жыл еңбек өтілі.

2-параграф. Басшының орынбасары (қаржы және ұйымдастыру қызметі бойынша)

8. Лауазымдық міндеттері:

өз құзыреті шегінде ұйымның қаржы-шаруашылық және ұйымдастыру қызметтеріне басшылық етеді;

ұйымның белгіленген есептік құжаттамасын сапалы және уақытылы жасауды қамтамасыз етеді;

бөлімшенің қызметінде заңдылық сақтауды және олардың қаржылық басқару, келісімшарт және қаржылық тәртіптерді, әлеуметтік-еңбек қатынастарын нығайта отырып, құқықтық тәсілдерді пайдалануда шаруашылық-экономикалық байланыстарды жүзеге асыруды, еңбекте қолайлы және қауіпсіз жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді;

құрылымдық бөлімшелерде еңбек тәртібін қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

ұйымның кешенді экономикалық талдауын және қаржылық-шаруашылық нәтижелерін бағалауды жүргізуді ұйымдастырады;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

9. Білуі тиіс:

Конституция;

Бюджет кодексі;

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (бұдан әрі – Салық кодексі);

ӘРПК;

"Мемлекеттік мүлік туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алу туралы", "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы", "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

Үкіметтің № 1193 қаулысы;

ұйымның экономикасы мен қаржысын басқару;

дене шынықтыру және спорт саласындағы нормативтік құқықтық актілер;

ұйым құрылымының профилі, мамандануы және ерекшеліктері;

бухгалтерлік есеп және қаржылық талдау негіздері;

еңбекті ұйымдастыру және басқару негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі бойынша талаптарын;

банк-клиент жүйелерінде жұмыс істеу технологиясы, компьютерлік бағдарламалар: 1С: сауда және қойма, 1С: бухгалтерлік есеп, эксел және т.б.

10. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлау бағыттарының бірі бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Дене шынықтыру және спорт", "Бухгалтерлік есеп, талдау және аудит", "Бухгалтерлік есеп және салық салу", "Қаржы, кредит және бухгалтерлік есеп" мамандықтары бойынша педагогикалық ғылымдар;

еңбек өтілі:

1) республикалық заңды тұлғалар үшін – дене шынықтыру және спорт саласында немесе басшылық лауазымдарда кемінде төрт жыл, не Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған адамдар үшін кемінде бес жыл, не дене шынықтыру және спорт саласында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның жұмыс органымен (бұдан әрі - Жұмыс органы) бекітілген шетелдік жоғары оқу орындарындағы басым мамандықтар бойынша немесе Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім

беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған адамдар үшін басшылық лауазымдарда және "Дене шынықтыру және спорт", "Бухгалтерлік есеп, талдау және аудит", "Бухгалтерлік есеп және салық салу", "Қаржы, кредит және бухгалтерлік есеп" мамандықтары бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыттарының бірі бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін кемінде үш жыл;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың облыстық коммуналдық кәсіпорындары үшін – дене шынықтыру және спорт саласында немесе басшы лауазымдарда кемінде үш жыл, не Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған адамдар үшін кемінде бес жыл, не дене шынықтыру және спорт саласында немесе Жұмыс органымен бекітілген шетелдік жоғары оқу орындарындағы басым мамандықтар бойынша немесе Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған адамдар үшін басшылық лауазымдарда және "Дене шынықтыру және спорт", "Бухгалтерлік есеп, талдау және аудит", "Бухгалтерлік есеп және салық салу", "Қаржы, кредит және бухгалтерлік есеп" мамандықтары бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыттарының бірі бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін кемінде екі жыл;

3) қалалық, аудандық коммуналдық кәсіпорындар үшін – дене шынықтыру және спорт саласында немесе басшылық лауазымдарда кемінде екі жыл, не Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған адамдар үшін кемінде бес жыл еңбек өтілі, не дене шынықтыру және спорт саласында немесе Жұмыс органымен бекітілген шетелдік жоғары оқу орындарындағы басым мамандықтар бойынша немесе Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған адамдар үшін басшылық лауазымдарда және "Дене шынықтыру және спорт", "Бухгалтерлік есеп, талдау және аудит", "Бухгалтерлік есеп және салық салу", "Қаржы, кредит және бухгалтерлік есеп" мамандықтары бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыттарының бірі бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін кемінде бір жыл еңбек өтілі.

3-параграф. Басшының орынбасары (негізгі қызмет бойынша)

11. Лауазымдық міндеттері:

спорттық-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырады;

спортшыларды даярлаудың бағдарламасын және жоспарын орындау жөніндегі жаттықтырушы-оқытушы құрамының жұмысын, сондай-ақ қажетті оқу-әдістемелік құжаттарды әзірлеуді үйлестіреді;

спорттық топтарды жасақтауды қамтамасыз етеді, оқу топтарының сабақ кестесін, спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын құру жұмыстарын жүзеге асырады;

жаттықтырушылар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оқу-жаттығу процесін оқытудың және өткізудің әдістемесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;

дене шынықтыруды және спортты насихаттау және алдыңғы қатарлы тәжірибені енгізу бойынша жұмыстарды жүзеге асырады;

спортшыларға медициналық қызмет көрсетудің жай-күйін, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарының сақталуын қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

оқу-жаттығу және оқу-тәрбиелік процестерін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

спортшылардың оқу бағдарламаларының талаптарын орындауын қамтамасыз етеді, спортшылардың дайындық деңгейін үйлестіреді және мониторинг жүргізеді, медициналық тексеруден уақтылы өтуін қамтамасыз етеді;

спорт түрлерінен федерациялармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, ұйымдағы спорт түрлерін дамыту жұмысын үйлестіреді;

спортшыларды дайындаудың перспективалық және жеке жоспарларын әзірлеуді ұйымдастырады;

спорт түрлері бойынша ұйым спортшыларының тұрақты дайындығын, спорттық дайындықта жаңа инновациялық технологияларды пайдалана отырып, жоғары нәтижелерді қамтамасыз етеді;

құрылымның және штат кестесінің өзгеруі бойынша ұсыныстар енгізеді;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

12. Білуі тиіс:

Конституция;

Еңбек кодексі;

ӘРПК;

"Мемлекеттік құпиялар туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Ақпараттандыру туралы", "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

Үкіметтің № 1193 қаулысы;

дене шынықтыру және спорт саласындағы нормативтік құқықтық актілер;

еңбекті ұйымдастыру және басқару негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі бойынша талаптарын.

13. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлау бағыттарының бірі бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Дене шынықтыру және спорт", "Бизнес, басқару және құқық мамандықтары бойынша педагогикалық ғылымдар;

еңбек өтілі:

1) республикалық заңды тұлғалар үшін – дене шынықтыру және спорт саласында немесе басшылық лауазымдарда кемінде төрт жыл, не Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған адамдар үшін кемінде бес жыл, не дене шынықтыру және спорт саласында бекітілген шетелдік жоғары оқу орындарындағы басым мамандықтар бойынша немесе Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған адамдар үшін басшылық лауазымдарда және "Дене шынықтыру және спорт", "Бизнес, басқару және құқық" мамандықтары бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыттарының бірі бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін кемінде үш жыл;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың облыстық коммуналдық кәсіпорындары үшін – дене шынықтыру және спорт саласында немесе басшы лауазымдарда кемінде үш жыл, не Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған адамдар үшін кемінде бес жыл, не дене шынықтыру және спорт саласында немесе Жұмыс органымен бекітілген шетелдік жоғары оқу орындарындағы басым мамандықтар бойынша немесе Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған адамдар үшін басшылық лауазымдарда және "Дене шынықтыру және спорт", "Бизнес, басқару және құқық" мамандықтары бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыттарының бірі бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін кемінде екі жыл;

3) қалалық, аудандық коммуналдық кәсіпорындар үшін – дене шынықтыру және спорт саласында немесе басшылық лауазымдарда кемінде екі жыл, не Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған адамдар үшін кемінде бес жыл еңбек өтілі, не дене шынықтыру және спорт саласында немесе Жұмыс органымен бекітілген шетелдік жоғары оқу орындарындағы басым мамандықтар бойынша немесе Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған адамдар үшін басшылық лауазымдарда және "Дене шынықтыру және спорт", "Бизнес, басқару және құқық" мамандықтары бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыттарының бірі бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін кемінде бір жыл еңбек өтілі.

4-параграф. Жастар (жасөспірімдер, юниорлар) құрама командасының аға жаттықтырушысы

14. Лауазымдық міндеттері:

спорт түрлері бойынша жастар (жасөспірімдер) құрама командаларын (бұдан әрі – құрама команда) даярлау жөніндегі жаттықтырушылар құрамының жұмысына басшылық жасайды;

Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командасына резерв даярлауды (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама команданың), құрама команданың жаттығу процесін жүзеге асырады және олардың халықаралық жарысқа қатысуын ұйымдастырады;

спорттық нәтижелерге қол жеткізу үшін дайындықтың әр кезеңінде құрама команда дайындығының мақсаттары мен міндеттерін айқындайды;

құрама командаларға одан әрі енгізу үшін перспективалы спортшыларды іріктейдеуді жүргізеді;

спортшыларды даярлаудың перспективалы жоспарын әзірлейді және жұмылдырылған жаттықтырушылармен бірлесіп, оның орындалуын қамтамасыз етеді;

спортшылардың оқу-жаттығу жиындарына даярлығы бойынша жұмыстарды және олардың жарыстарда өнер көрсетулерін ұйымдастырады;

құрама команда мүшелерінің перспективалық және жеке даярлық жоспарларын әзірлеуді ұйымдастырып бекітеді, сонымен қатар оқу-жаттығу процесіне тікелей қатысады;

тәрбиелік және патриоттық жұмыстар жүргізеді;

құрама командалар спортшыларын даярлау жөніндегі жаттықтырушылардың жұмысын қамтамасыз етеді;

бекітілген даярлау жоспарының орындалуын, құрама командалар мен жекелеген спортшылардың қатысу нәтижелерін талдайды, алынған деректерді ескере отырып, олардың кейінгі дайындығына түзетулер енгізеді және спортшылардың жоспарланған нәтижелерін орындауына жауапты болып табылады;

спортшыларды даярлауға қатысатын дене шынықтыру-спорт ұйымдарымен бірлесіп жұмыс істейді;

құрама командаға мүше спортшылардың жарыстарда өнер көрсету нәтижелері туралы есепті тікелей басшысына, спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасы құрама командасының (спорт түрі бойынша ұлттық құрама команданың) бас жаттықтырушыға ұсынады;

спорт этикасының сақталуын қамтамасыз етеді;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды;

білім алушылар мен тәрбиеленушілерді діни немесе өзге де нанымдарды қабылдауға мәжбүрлеу не олардан бас тарту үшін білім беру, оқу-жаттығу, тәрбие процесін пайдалануға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

15. Білуі тиіс:

Конституция;

"Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Білім туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

педагогика, психология және физиология, еңбек заңнамасының негіздері;
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

16. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

спортшыларды даярлау бойынша жаттықтырушының аттестаттау туралы куәліктің болуы;

дене шынықтыру-спорт ұйымдарында мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы.

5-параграф. Қазақстан Республикасы құрама командасының бас жаттықтырушысы (спорт түрі бойынша ұлттық құрама команданың)

17. Лауазымдық міндеттері:

Қазақстан Республикасы құрама командасы (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командасы) (бұдан әрі – құрама команданың) және құрамына өңірлер құрама командаларының спортшыларын және олардың резервін даярлауды жүзеге асыратын жастар (жасөспірімдер) командаларының және өңірлердің аға жаттықтырушылары кіретін жаттықтырушылар құрамының жұмысына басшылық етеді;

жас ерекшеліктеріне сәйкес құрама командалардағы ауыспалылықты қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

спорт түрі бойынша жаттықтырушылар кеңесін басқарады;

құрама команданың даярлығын жүзеге асырады және олардың халықаралық жарыстарға қатысуын ұйымдастырады;

спорттық нәтижелерге қол жеткізу үшін дайындықтың әр кезеңінде құрама команда дайындығының мақсаттары мен міндеттерін айқындайды;

құрама команда мен штаттық командаларға одан әрі енгізу үшін перспективалы спортшыларды іріктейдеуді жүргізеді;

құрама команданың мүшелері дайындығының перспективалы және жеке жоспарларын әзірлеуді және бекітуді ұйымдастырады, оқу-жаттығу процесіне тікелей қатысады;

құрама команданың спортшыларын даярлау бойынша жаттықтырушылардың жұмысын қамтамасыз етеді;

құрама команданың және жеке спортшылардың бекітілген дайындық жоспарларының орындалуын, өнер көрсету қорытындыларын талдайды, ұсынылған деректерді ескере отырып, бұдан әрі дайындықтарына түзетулер енгізеді;

спортшыларды даярлауға қатысатын дене шынықтыру-спорт ұйымдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

спорт этикасының сақталуын қамтамасыз етеді;

спорт түрлері бойынша жетекші елдер спортшыларының және қазақстандық спортшылардың басты бәсекелестерінің даярлығын және өнер көрсетулерін зерттейді және талдайды;

жыл сайын дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға құрама командаға мүше спортшылардың жарыстарда өнер көрсету нәтижелері жөнінде есеп ұсынады;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды;

білім алушылар мен тәрбиеленушілерді діни немесе өзге де нанымдарды қабылдауға мәжбүрлеу не олардан бас тарту үшін білім беру, оқу-жаттығу, тәрбие процесін пайдалануға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

18. Білуі тиіс:

Конституция;

ӘРПК;

"Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Білім туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

педагогика, психология және физиология, еңбек заңнамасының негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

19. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

спортшыларды даярлау бойынша жаттықтырушының аттестаттау туралы куәліктің болуы;

дене шынықтыру-спорт ұйымдарында мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы.

6-параграф. Құрама команданың бастығы

20. Лауазымдық міндеттері:

құрама команда үшін спорттық іс-шараларды өткізу орындарын дайындауды, өткізуді ұйымдастыруды, спорттық киімдермен, керек-жарақтармен және құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуін, тамақтануын, тұратын жерін, медициналық қызметін, тіркелуін, жарысқа қатысушыларға қызмет көрсетуді, қауіпсіздік шарттарын сақтауды қамтамасыз етеді;

спорттық киімдерді, керек-жарақтар мен құрал-жабдықтарды алуға өтінім әзірлейді, шығыстарды жоспарлайды және осы мақсаттарға бағытталған қаражаттың дұрыс жұмсалуды қамтамасыз етеді;

құрама команданы жарыстарға дайындаудың перспективалы және ағымдық жоспарларын әзірлеу, оның ішінде спорттық іс-шараларды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізеді;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

21. Білуі тиіс:

Конституция;

ӘРПК;

"Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

еңбек заңнамасының негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

22. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлау бағыттарының бірі бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: еңбек өтіліне талаптар қойылмай "Дене шынықтыру және спорт", "Бизнес, басқару және құқық" мамандықтары бойынша педагогикалық ғылымдар.

7-параграф. Мемлекеттік жаттықтырушы

23. Лауазымдық міндеттері:

Қазақстан Республикасының аумағында спорт түрін (түрлерін) дамыту стратегиясын айқындайды;

Қазақстан Республикасы аумағында спортты дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;

спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ету үшін спорт федерацияларымен, мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды, шетелдік спорт ұйымдарының мамандарымен өзара іс-қимыл жасайды, Қазақстан Республикасының аумақтарында спорт түрін (түрлерін) насихаттауды жүзеге асырады;

дене шынықтыру-спорт ұйымдарының, спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командалары (ұлттық құрама командалар) спортшыларын даярлау бойынша жаттықтырушылардың, мамандардың жұмысын үйлестіреді, оның ішінде спорт түрлері бойынша аймақтық аға жаттықтырушылар жұмысын жыл сайын бағалауды жүргізеді;

ұлттық құрамамен жұмыс істеу үшін жаттықтырушы кадрларды іріктеу бойынша белгіленген тәртіппен жаттықтырушылар кеңесіне ұсыныстар енгізеді;

спорт түрі бойынша аккредиттелген федерацияның қамқорлығымен өтетеін жаттықтырушылар мен төрешілердің семинарларына, тренингтеріне және аттастацияларына қатысады;

Қазақстан Республикасының штаттық және ұлттық құрама командасының құрамына үміткерлерді алу үшін ұсыныстар енгізеді;

спорт түрі (түрлері) бойынша кешенді нысаналы бағдарламасын әзірлеуге қатысады ;

уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының оқу-жаттығу жиындарын, ел ішіндегі спорттық іс-шараларды, оның ішінде халықаралық жарыстарды тексеруді жүзеге асырады;

спорт этикасының сақталуын қамтамасыз етеді;

жыл сайын дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға Қазақстан Республикасының аумағында спорт түрін (түрлерін) дамыту бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру жөнінде есеп ұсынады;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды;

білім алушылар мен тәрбиеленушілерді діни немесе өзге де нанымдарды қабылдауға мәжбүрлеу не олардан бас тарту үшін білім беру, оқу-жаттығу, тәрбие процесін пайдалануға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

24. Білуі тиіс:

Конституция;

ӘРПК;

"Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Білім туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

педагогика, психология және физиология, еңбек заңнамасының негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

25. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

спортшыларды даярлау бойынша жаттықтырушының аттестаттау туралы куәліктің болуы;

дене шынықтыру-спорт ұйымдарында мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы.

8-параграф. Спорт жөніндегі құрылымдық бөлімшенің (басқарма, бөлім, қызмет) басшысы

26. Лауазымдық міндеттері:

құрылымдық бөлімшенің жұмысына басшылық етеді және перспективалы жұмыс жоспарларын әзірлеуге тікелей қатысады, оның орындалуын қамтамасыз етеді;

құрылымдық бөлімше үшін кадрларды іріктеуге қатысады;

басшылыққа құрылымдық бөлімшенің жұмысы туралы есепті уақытылы әзірлеуді және ұсынуды ұйымдастырады;

құрылымдық бөлімше туралы ережеде айқындалған міндеттер мен функциялардың тиісті орындалуын бақылайды;

оқу-жаттығу жиындарын өткізуді үйлестіруді, штаттық ұлттық команда спортшыларының тізімін жасақтауды, спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбесін әзірлеуді, спорттық нәтижелерді есепке алуды және талдауды жүзеге асырады;

спорт түрлері бойынша жарыстарды өткізудің ережелерін, регламенттерін, спорт түрлері бойынша кешенді нысаналы бағдарламаларды, спортшыларды даярлаудың жеке жоспарларын әзірлеуге қатысады;

спортшылар даярлығының қорытындысы және олардың жарыстарға қатысу нәтижелері туралы ақпарат жинауды жүзеге асырады;

спорт түрлері бойынша жаттықтырушылар кеңесінің жұмысын үйлестіреді;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

27. Білуі тиіс:

Конституция;

"Білім туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

еңбек заңнамасының негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

28. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

дене шынықтыру-спорт ұйымдарында мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің болуы.

9-параграф. Спорт түрінен (түрлерінен) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аға жаттықтырушысы

29. Лауазымдық міндеттері:

облыс, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағында спорт түрін (түрлерін) дамыту стратегиясын айқындайды;

спорт түрі (түрлері) бойынша спорттық федерациялармен, дене шынықтыру-спорт және басқа ұйымдармен спорттық іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуді, облыста, республикалық маңызы бар қалада және астанада спорт түрін (түрлерін) насихаттауды қамтамасыз ету бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

спортшылардың спорттағы тыйым салынған субстанциялар және (немесе) әдістерді пайдалану жағдайларын алдын алу және болдырмау жұмыстарын ұйымдастырады;

жас ерекшеліктеріне сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың құрама командасындағы ауыспалылықты қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың құрама командасының даярлығын жүзеге асырады және олардың жарыстарға қатысуын ұйымдастырады;

спорттық нәтижелерге қол жеткізу үшін дайындықтың әр кезеңінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың құрама командасы дайындығының мақсаттары мен міндеттерін айқындайды;

перспективалы спортшыларды іріктейді және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың құрама командасын жасақтауды жүзеге асырады;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың құрама командасына мүше спортшылардың жарыстарда өнер көрсету нәтижелері жөніндегі есепті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқару органының басшылығына ұсынады;

спорт этикасының сақталуын қамтамасыз етеді;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды;

білім алушылар мен тәрбиеленушілерді діни немесе өзге де нанымдарды қабылдауға мәжбүрлеу не олардан бас тарту үшін білім беру, оқу-жаттығу, тәрбие процесін пайдалануға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

30. Білуі тиіс:

Конституция;

Еңбек кодексі;

ӘРПК;

"Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Білім туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

педагогика, психология және физиология негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

31. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

спортшыларды даярлау бойынша жаттықтырушының аттестаттау туралы куәліктің болуы;

дене шынықтыру-спорт ұйымдарында мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы.

3-тарау. Мамандар лауазымдарының біліктілік сипаттамалары

1-параграф. Аға жаттықтырушы

32. Лауазымдық міндеттері:

дене шынықтыру-спорт ұйымының спорт түрлері бойынша бөлімшелерде жаттықтырушылардың жұмысын қамтамасыз етуге басшылық жасайды және жүзеге асырады;

оқу-жаттығу процесін жоспарлауды, ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді, спортшылардың жеке дайындық жоспарын жасайды;

спортшылардың физикалық, теориялық, моральдық – ерік, техникалық және спорттық даярлығын арттыруды, олардың жоспарланған жаттығу жүктемелері көлемін, спорттық нәтижелерді және қажетті қалпына келтіру іс-шараларын орындауларын бақылауды қамтамасыз етеді;

басшылыққа есепке алу және есептік құжаттаманы уақытылы және сапалы ұсынуды жүзеге асырады;

спортшылардың медицина қызметкерлерінің антропометриялық өлшеулері негізіндегі нұсқауларды орындауын бақылайды;

спортшылардың жалпы және арнаулы дене тәрбиесі даярлығы бойынша бақылау нормативтерін жүргізеді;

спортшылардың спорттағы тыйым салынған субстанциялар және (немесе) әдістерді пайдалану жағдайларын алдын алу және болдырмау жұмыстарын ұйымдастырады;

спортшылардың жарыстарға қатысуын ұйымдастырады, оларды спорттық тұрғыдан жетілдіру үшін перспективалы спортшыларды іріктеуді жүзеге асырады;

даярлықтың әрбір кезеңінде спорттық нәтижелерге қол жеткізу үшін спортшылардың мақсаттары мен міндеттерін айқындайды;

бекітілген даярлау жоспарының орындалуын, спортшылардың өнер көрсету нәтижелерін талдайды және алынған мәліметтерді ескере отырып, оларды одан әрі даярлауға түзетулер енгізеді;

спортшыларды даярлауға қатысатын дене-шынықтыру спорт ұйымдарымен бірлесіп әрекет етеді;

спорт этикасының сақталуын қамтамасыз етеді;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды;

білім алушылар мен тәрбиеленушілерді діни немесе өзге де нанымдарды қабылдауға мәжбүрлеу не олардан бас тарту үшін білім беру, оқу-жаттығу, тәрбие процесін пайдалануға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

33. Білуі тиіс:

Конституция;

ӘРПК;

"Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Білім туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

педагогика, психология және физиология, еңбек заңнамасының негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

34. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

дене шынықтыру-спорт ұйымдарында мамандығы бойынша кемінде 4 жыл жұмыс өтілінің болуы.

2-параграф. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскер

35. Лауазымдық міндеттері:

халықтың денсаулығын нығайту мақсатында дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуді ұйымдастырады;

жаттықтырушылар құрамы жұмысының бағытын үйлестіруді жүзеге асырады, оқу-жаттығу процесін әдістемелік қамтамасыз етеді және оқу топтарын сапалы жасақтауды қамтамасыз етеді;

оқу-жаттығу және тәрбиелік процестердің нәтижелерін үйлестіреді;

дайындық оқу жоспарының және бағдарламасының орындалуын, оқытушы-жаттықтырушылар жұмысының сапасын қадағалайды;

есепке алу және есептілік құжаттамасын уақтылы және сапалы жүргізіп, басшылыққа, ұйымның құрылымдық бөлімше басшыларына тапсыруды қамтамасыз етеді;

оқытушы-жаттықтырушылар құрамының біліктілігін арттыру бойынша жұмыстарды, спорт түрлері бойынша бөлімшелерде семинарлар, ашық сабақтар өткізуді ұйымдастырады;

қызметкерлердің денсаулығын нығайту және еңбек өнімділігін арттыру мақсатында ұйымдарда бұқаралық дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шаралар өткізуді қамтамасыз етеді;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

36. Білуі тиіс:

Конституция;

"Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Білім туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

педагогика, психология және физиология, еңбек заңнамасының негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

37. Біліктілікке қойылатын талаптары:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында мамандығы бойынша 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында мамандығы бойынша 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім және біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім және біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында бір жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

3-параграф. Жаттықтырушы

38. Лауазымдық міндеттері:

одан әрі спорттық тұрғыдан жетілдіру үшін перспективалы спортшыларды іріктеуді қамтамасыз етеді;

дайындықтың жылдық және ағымдық жоспарларын әзірлейді, спортшылармен атқарған жұмысының нәтижелері мен мазмұнын жүйелі есепке алады, талдайды, жинақтайды;

бөлімше спортшыларының топтарымен, оның ішінде денсаулық жағдайы бойынша арнайы медициналық топтарға жататындармен оқу-жаттығу және тәрбиелік жұмыстар жүргізеді (оқу-жаттығу процесін жоспарлайды, әр спортшыға даярланудың жеке жаттығу жоспарын жасайды);

спортшылардың жоспарланған жаттығу жүктемелерінің, спорттық көрсеткіштерінің және қажетті сауықтыру іс-шараларының жоғары деңгейде орындалуын қамтамасыз етеді;

спортшылардың теоретикалық, физикалық, техникалық және спорттық дайындығын арттыруды, жаттығулар барысында олардың денсаулығын нығайтуды және сақтауды, оқу-жаттығу процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

спортшылардың спорттағы тыйым салынған субстанциялар және (немесе) әдістерді пайдалану жағдайларын алдын алу және болдырмау жұмыстарын ұйымдастырады;

спортшылардың уақтылы медициналық тексерістен өтуін, олардың антропометриялық өлшемдердің, дәрігерлік-педагогикалық бақылаулардың негізінде дәрігерлердің ұсынымдарын және бақылау жаттығуларының орындалуын бақылайды;

спортшылардың жалпы және арнайы дене шынықтыру дайындықтары бойынша бақылау нормативтерін өткізеді;

есепке алу және есептілік құжаттамасын сапалы жүргізуді және басшылыққа уақтылы ұсынуды жүзеге асырады;

жаттықтырушылардың семинарларына қатысады;

спорт этикасының сақталуын қамтамасыз етеді;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды;

білім алушылар мен тәрбиеленушілерді діни немесе өзге де нанымдарды қабылдауға мәжбүрлеу не олардан бас тарту үшін білім беру, оқу-жаттығу, тәрбие процесін пайдалануға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

39. Білуі тиіс:

Конституция;

ӘРПК;

"Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Білім туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

педагогика, психология және физиология, еңбек заңнамасының негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

40. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағытында жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) немесе "Қазақстан Республикасының спорт шебері" немесе "Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері" не "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері" спорттық атақтары бар дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган жанындағы жаттықтырушылардың біліктілігін арттыру курстарынан өткен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

тиісті санатты айқындай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында мамандығы бойынша 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында мамандығы бойынша 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім және біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім және біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында бір жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

4-параграф. Дене шынықтыру және спорт бойынша нұсқаушы

41. Лауазымдық міндеттері:

халықтың денсаулығын нығайту мақсатында дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуді ұйымдастырады;

спорттық және сауықтыру бағытындағы секцияға (топқа) дене шынықтыру және спортпен айналысуға ниетті және медициналық тұрғыдан жарамды адамдарды жинауды жүзеге асырады, олармен оқу-жаттығу сабақтарын өткізеді;

дене шынықтыру және спортпен айналысатын тұлғаларға дене тәрбиесі теориясы мен практикасы, салауатты өмір салты мәселелері бойынша кеңес береді;

спорттық іс-шараларды өткізу әдістемесін жетілдіреді;

дене шынықтыру және спортпен айналысу үшін материалдық-техникалық базаны нығайту және дамыту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады;

спорттық қызығушылық клубтары, дене шынықтыру-сауықтыру секциялары бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;

дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмыстардың есебін жүргізеді және талдайды;

салауатты өмір салтын насихаттауды жүзеге асырады, дене шынықтыру және спортпен айналысатын адамдарға медициналық бақылауды қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау мекемелерімен тығыз байланыста жұмыс істейді;

дене шынықтыру және спорт бойынша озық жұмыс тәжірибесін зерттейді, жинақтайды және енгізеді;

еңбек және демалыс тәртібін жетілдіру жөнінде ұсыныстарды, аурудың алдын алу үшін дене шынықтырудың өзге де түрлі әдістерін, нысандарын пайдалану жөніндегі ұсынымдарды, әдістемелік материалдарды әзірлейді;

жұмысқа қабілеттілікті қалпына келтіруге ықпал ететін жаттығулар кешенін әзірлейді;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды;

білім алушылар мен тәрбиеленушілерді діни немесе өзге де нанымдарды қабылдауға мәжбүрлеу не олардан бас тарту үшін білім беру, оқу-жаттығу, тәрбие процесін пайдалануға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

42. Білуі тиіс:

Конституция;

"Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Білім туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

педагогика, психология және физиология, еңбек заңнамасының негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

43. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе еңбек өтіліне талаптар қойылмай "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі.

5-параграф. Нұсқаушы-спортшы

44. Лауазымдық міндеттері:

дайындықтың жеке жоспарын, оқу-жаттығу және жарыс тапсырмаларының жүктемесін орындайды;

спорттық нәтижелерді арттыруды қамтамасыз ететін дайындықтың жалпы дене тәрбиелік және арнайы деңгейлерін қамтамасыз етеді;

жеке дайындық жоспарында қарастырылған тапсырмалардың орындалуы бойынша есеп жүргізеді;

жаттықтырушылар құрамымен бірлесіп, оқу-жаттығу процесін жоспарлауға қатысады;

оқу-жаттығу жұмысының режимін сақтайды;

халықаралық және республикалық спорттық жарыстарға қатысады;

Халықаралық Олимпиада комитетінің Хартиясына сәйкес спорт этикасының сақталуын, спорттағы тыйым салынған субстанциялар және (немесе) әдістерді пайдаланбауды қамтамасыз етеді;

жас спортшыларға практикалық көмек көрсетеді;

ұйымдарда өткізілетін сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмыстарды ұйымдастырады және өткізеді;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

45. Білуі тиіс:

Конституция;

"Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

еңбек заңнамасының негіздері;

спорттық жаттығулардың, оқу-жаттығу сабақтарын өткізу кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптардың негіздері, спорт түрі (түрлері) бойынша жарыстар қағидалары;

өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

46. Біліктілікке қойылатын талаптары:

кадрларды даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі): "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе еңбек өтіліне талаптар қойылмай "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім немесе жалпы орта білім;

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 25 шілдедегі № 289 бұйрығымен бекітілген спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама және штаттық құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамдарын қалыптастыру қағидаларына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9682 болып тіркелген) жалпы білім беретін мектеп мекемелерінде (мектеп-интернаттар, интернаттар) білім алушыларда спорттық нәтижелер болған кезде, білімі мен жұмыс өтіліне талаптар қойылмай.

6-параграф. Сервис бойынша жаттықтырушы

47. Лауазымдық міндеттері:

оқу-жаттығу процесі үшін спорттық мүкәммал мен жабдықты спорттық жарыстарға уақтылы және сапалы дайындауды жүзеге асырады;

спорт түрі (түрлері) бойынша спорттық мүкәммал мен жабдықтарды дайындау теориясын, әдістемесін және ерекшелігін зерделейді;

спорттық мүкәммал мен жабдықты сапалы, тиісті деңгейде ұстауды қамтамасыз етеді;

спорттық мүкәммал мен жабдықтың кемшіліктерін уақтылы анықтауды жүзеге асырады, оларды жою бойынша шаралар қабылдайды;

спорттық мүкәммал мен жабдықтарды дайындау кезінде әртүрлі техникаларды қолдануды жетілдіру бойынша басшылыққа ұсыныстар енгізеді;

халықаралық спорттық жарыстарға шығу кезінде спорттық мүкәммал мен жабдықты тасымалдауға байланысты құжаттарды ресімдеуді, оның сақталуын қамтамасыз етеді;

оларды пайдаланудың технологиялық карталарына сәйкес спорттық мүкәммал мен жабдықтың техникалық сипаттамаларын бақылауды және қолдауды жүзеге асырады;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

48. Білуі тиіс:

Конституция;

"Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

спорттық мүкәммал мен жабдықтарды пайдалануды регламенттейтін жетекші және техникалық құжаттар;

спорттық мүкәммал мен жабдықтар механизмдері, бөлшектері және техникалық-пайдалану сипаттамалары;

еңбек заңнамасының негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

49. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) кәсіптік немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

7-параграф. Спорт бойынша аға жаттықтырушы-оқытушы

50. Лауазымдық міндеттері:

дене шынықтыру-спорт ұйымының спорт түрлері бойынша бөлімшелерде жаттықтырушы-оқытушылардың жұмысын қамтамасыз етуге басшылық жасайды және жүзеге асырады;

оқу-жаттығу процесін жоспарлауды, ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

оқушы-спортшылардың теориялық, физикалық, моральдық, техникалық және спорттық даярлығын арттыруды, олардың жоспарланған жаттығу жүктемесін

орындауын, спорттық нәтижелерді және қажетті қалпына келтіру іс-шараларын орындауларын бақылауды қамтамасыз етеді;

оқу-жаттығу процесін және спорттық іс-шараларды өткізу қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

тәрбиелік жұмыстарды жүргізеді;

есепке алу және есептілік құжаттаманы сапалы жүргізуді және басшылыққа уақтылы ұсынуды жүзеге асырады;

атқарылған жұмыстың есебін жүргізеді, оның нәтижелері мен тиімділігін талдайды, спортшылардың медицина қызметкерлерінің антропометриялық өлшеулер, дәрігерлік-педагогикалық бақылаулар негізінде берген нұсқаулары мен бақылау жаттығуларын орындауын бақылайды;

оқушы-спортшылардың жалпы және арнайы дене шынықтыру дайындықтары бойынша бақылау нормативтерін қабылдайды;

оқушы-спортшылардың спорттағы тыйым салынған субстанциялар және (немесе) әдістерді пайдалану жағдайларын алдын алу және болдырмау жұмыстарын ұйымдастырады;

оқушы-спортшылардың жарысқа қатысуын ұйымдастырады, спорттық тұрғыдан жетілдіру үшін спортшыларды іріктеуді жүзеге асырады;

бекітілген дайындық жоспарларының орындалуын, бөлімше оқушы-спортшыларының өнер көрсету қорытындыларын талдайды, алынған мәліметтерді есепке ала отырып, спортшылардың дайындығына түзетулер енгізеді;

дене шынықтыру-спорт ұйымының спорт түрлері бойынша бөлімшелерде жаттықтырушылар кеңесін өткізеді;

жүйелі түрде біліктілігін арттырады, әдістемелік оқуларға, конференцияларға, семинарларға қатысады;

белгіленген тәртіпте спортшылар мен жаттықтырушы-оқытушыларды көтермелеу туралы ұсыныстар енгізеді;

оқушы-спортшыларды даярлауға қатысатын дене шынықтыру-спорт ұйымдарымен өзара бірлесіп әрекет етеді;

спорт этикасының сақталуын қамтамасыз етеді;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды;

білім алушылар мен тәрбиеленушілерді діни немесе өзге де нанымдарды қабылдауға мәжбүрлеу не олардан бас тарту үшін білім беру, оқу-жаттығу, тәрбие процесін пайдалануға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

51. Білуі тиіс:

Конституция;

"Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Білім туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

педагогика, психология және физиология, еңбек заңнамасының негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

52. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

дене шынықтыру-спорт ұйымдарында мамандығы бойынша кемінде 4 жыл жұмыс өтілінің болуы.

8-параграф. Спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушы

53. Лауазымдық міндеттері:

дайындықтың жылдық және ағымдық жоспарын әзірлейді, оқушы-спортшылармен бірге өз жұмысының нәтижелері мен мазмұнына жүйелі түрде есеп жүргізеді, талдайды, жинақтайды;

бөлімше оқушы-спортшыларының топтарымен, оның ішінде денсаулық жағдайы бойынша арнайы медициналық топтарға жататындармен оқу-жаттығу және тәрбиелік жұмыстар жүргізеді (оқу-жаттығу процесін жоспарлайды, әр оқушы-спортшыға даярланудың жеке жаттығу жоспарын жасайды);

өз жұмысында спорттық даярлықтың және оқушы-спортшыларды сауықтырудың аса тиімді әдістерін пайдаланады;

оқушы-спортшылардың жоспарланған жаттығу жүктемелерінің, спорттық көрсеткіштерінің және қажетті сауықтыру іс-шараларының жоғары деңгейде орындалуын қамтамасыз етеді;

спорттық жетілдіру үшін аса перспективалы оқушы-спортшыларды іріктеуді қамтамасыз етеді;

оқушы-спортшылардың теоретикалық, физикалық, техникалық және спорттық дайындығын арттыруды, жаттығулар барысында олардың денсаулығын нығайтуды және сақтауды, оқу-жаттығу процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

спортшылардың спорттағы тыйым салынған субстанциялар және (немесе) әдістерді пайдалану жағдайларын алдын алу және болдырмау жұмыстарын ұйымдастырады;

оқушы-спортшылардың уақтылы медициналық тексерістен өтуін, олардың антропометриялық өлшемдердің, дәрігерлік-педагогикалық бақылаулардың негізінде медицина қызметкерлерінің ұсынымдарын орындауын және бақылау жаттығуларының орындалуын бақылайды;

оқушы-спортшылардың жалпы және арнайы дене шынықтыру дайындықтары бойынша бақылау нормативтерін өткізеді;

есепке алу және есептілік құжаттамасын сапалы жүргізуді және басшылыққа уақтылы ұсынуды жүзеге асырады;

жаттықтырушы-оқытушылардың семинарларына қатысады;

спорт этикасының сақталуын қамтамасыз етеді;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды;

білім алушылар мен тәрбиеленушілерді діни немесе өзге де нанымдарды қабылдауға мәжбүрлеу не олардан бас тарту үшін білім беру, оқу-жаттығу, тәрбие процесін пайдалануға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

54. Білуі тиіс:

Конституция;

"Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Білім туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

педагогика, психология және физиология, еңбек заңнамасының негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

55. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағытында жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) немесе "Қазақстан Республикасының спорт шебері" немесе "Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері" не "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері" спорттық атақтары бар дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган жанындағы жаттықтырушылардың біліктілігін арттыру курстарынан өткен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

тиісті санатты айқындай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында мамандығы бойынша 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында мамандығы бойынша 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар кадрларын даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім және біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім және біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында бір жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

9-параграф. Спорт қаруының нұсқаушысы

56. Лауазымдық міндеттері:

ату қаруларына тексеру жүргізіп, компьютерлік диагностика арқылы ақауларын анықтайды;

ату қаруларын анықталған ақаулары бойынша жөндеп, атуға даярлайды;

ату қаруларының түрлеріне, ауа-райы және климат жағдайларына байланысты сәйкесінше қаруларды майлау ережелері туралы жаттықтырушылар мен спортшыларға нұсқаулықтар береді;

"Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 бұйрығымен бекітілген, (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген) ату қаруларын сақтау, есебін жүргізу және беріп отыру, оқ-дәрілерді жіберу және олардың есебін алып отыруды қамтамасыз етеді.

57. Білуі тиіс:

Конституция;

"Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

ату қаруының механизмдері, бөлшектері және техникалық-пайдалану сипаттамалары;

еңбек заңнамасының негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

58. Біліктілікке қойылатын талаптары:

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) кәсіптік немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

10-параграф. Жаттықтырушы-кеңесші

59. Лауазымдық міндеттері:

құрама командаларды және спорттық резервті даярлауды ұйымдастыруды және халықаралық жарыстардың қатысушыларына кеңес береді;

жоғары дәрежелі спортшыларды және спорттық резервті даярлауды жүзеге асыратын ұйымның құрама командалар мүшелерін даярлау бағдарламасын әзірлеу және аккредиттелген спорт федерациясының көзқарастарын ескере отырып бекітуге ұсынады;

оқу-жаттығу процесіне тікелей қатысады және жаттығу мен жарысу процесін жүзеге асыру әдістемесін әзірлейді және пайдалануға ұсынады;

құрама командалар мен жекелеген спортшыларды даярлау жоспарының орындалуын бақылайды және талдау жасайды, алынған мәліметтерді ескере отырып, олардың ары қарайғы даярлығына түзетулер енгізеді;

оқу-жаттығу процесіндегі тікелей спорттық этиканың сақталуын қамтамасыз етеді; қорытынды бойынша құрама командалар спортшылары-мүшелерінің жарыстардағы қатысу нәтижелері туралы есепті ұсынады;

есеп беру-жоспралау іс-шараларына қатысады;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды;

білім алушылар мен тәрбиеленушілерді діни немесе өзге де нанымдарды қабылдауға мәжбүрлеу не олардан бас тарту үшін білім беру, оқу-жаттығу, тәрбие процесін пайдалануға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

60. Білуі тиіс:

Конституция;

"Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

педагогика, психология және физиология негіздері;

Халықаралық Олимпиада комитетінің олимпиадалық хартиясы;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарын.

61. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім немесе халықаралық спорттық жарыстардың чемпиондары мен жүлдегерлерін дайындаған халықаралық деңгейдегі жоғары сыныпты спортшыларды даярлау бойынша жұмыс тәжірибесі;

дене шынықтыру және спорт саласында кемінде бес жыл еңбек өтілінің болуы.

4-тарау. Допингке қарсы ұйымдар лауазымдарының біліктілік сипаттамалары

1-параграф. Допингке қарсы зертхана басшысы

62. Лауазымдық міндеттері:

зертханалық топтардың тиімді жұмысын ұйымдастырады, тестілеу кезінде мамандардың жауапкершілігі мен өкілеттіктерін анықтайды;

допингке қарсы бақылауды жүзеге асыру және допингке қарсы мәселелер бойынша ғылыми-практикалық конференцияларға және семинарларға қатысу үшін методологиялық тәсілдерді әзірлеуді қамтамасыз етеді;

Дүниежүзілік допингке қарсы агенттігімен (бұдан әрі – ДДҚА), допингке қарсы саласындағы ғалымдардың дүниежүзілік қауымдастығымен, Қазақстан Республикасы Ұлттық олимпиада комитетімен (бұдан әрі – ҚР ҰОК) және басқа допингке қарсы ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асырады;

аккредиттелген ДДҚА зертханасының халықаралық стандарттар деңгейінде өз міндеттерін орындау үшін қызметкерлердің тиісті тренингтен өтуін қамтамасыз етеді;

еңбек қауіпсіздігі жағдайларын қамтамасыз етеді;

зертханалық зерттеулер жүргізіп, олардың нәтижелеріне қол қояды;

тестілеуді жүзеге асыру және оның статистикасы бойынша тоқсан сайын дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға ақпарат ұсынады;

тиісті органдарға (дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға, ДДҚА, халықаралық спорт федерациялар) ДДҚА Дүниежүзілік допингке қарсы кодексінің және ДДҚА тиісті техникалық құжаттарының талаптары бойынша талдамалардың теріс нәтижелері туралы ақпаратты ұсынады;

ұйымның өндірістік, әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды;

ұйымның саясатын, стратегиясын және оны іске асырудың тетіктерін айқындайды;

ұйымның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, өнім берушілер,

тапсырыс берушілер мен банктерді қоса алғанда кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (келісімшарттардың) орындалуын қамтамасыз етеді;

қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру, көтермелеу және жұмыстан шығару туралы шешім қабылдайды, ұйымның құрылымын, штаттық кестесін, ұйым қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдауда дербес жауапкершілікте болады;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

63. Білуі тиіс:

Конституция;

Бюджет кодексі;

Еңбек кодексі;

ӘРПК;

"Мемлекеттік құпиялар туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

ДДҚА Дүниежүзілік допингке қарсы кодексі; зертханаларға арналған халықаралық стандарттар, халықаралық нормативтік құжаттар, мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтік құжаттар, зертхананың қызметіне қатысты басшылық, нормативтік және анықтамалық материалдар;

Үкіметтің № 1193 қаулысы;

дене шынықтыру және спорт саласындағы нормативтік құқықтық актілер;

дене шынықтыру және спорт саласындағы отандық және шетелдік тәжірибе, заманауи ақпараттық технологиялар;

еңбекті ұйымдастыру және басқару негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі бойынша талаптарын.

64. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлау бағыттарының бірі бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Биология" мамандығы бойынша биологиялық және сабақтас ғылымдар немесе "Химия" мамандығы бойынша физикалық және химиялық ғылымдар немесе "Фармация" немесе "Жалпы медицина", "Емдеу іс", "Медициналық-профилактикалық іс", "Санитария, гигиена, эпидемиология" немесе "Бизнес, басқару және құқық" мамандығы бойынша денсаулық сақтау ғылымдары;

Дене шынықтыру және спорт саласында, денсаулық сақтау немесе басшылық лауазымдарда кемінде бес жыл немесе Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған адамдар үшін кемінде бес жыл немесе дене шынықтыру және спорт саласында кемінде төрт жыл немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған адамдар үшін басшылық лауазымдарда жұмыс өтілі Қазақстан Республикасының Президентінде немесе шетелдік жоғары оқу орындарында жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша және кадрлар даярлау бағыттарының бірі бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін: "Биология" мамандығы бойынша биология және сабақтас ғылымдар немесе "Химия" мамандығы бойынша физика және химия ғылымдары немесе "Фармация" немесе "Жалпы медицина", "Емдеу іс", "Медициналық-профилактикалық іс", "Санитария, гигиена, эпидемиология" немесе "Бизнес, басқару және құқық" мамандығы бойынша денсаулық сақтау ғылымдары.

2-параграф. Допингке қарсы зертхана басшысының орынбасары (қаржы және ұйымдастыру қызметі бойынша)

65. Лауазымдық міндеттері:

зертхананың жұмысын материалдық-шаруашылық қамсыздандыру мәселелері бойынша химиялық реактивтермен, зертханалық ыдыспен, құралдармен және шығыс материалдарымен және олардың іске асырылуын бақылауды қамтамасыз етеді;

зертханадағы химиялық реактивтердің, прекурсорлар мен улы химиялық заттардың сақталу шарттарын және сақтау қағидаларын қамтамасыз етуді қадағалайды;

ғылыми зерттеулерді жүргізу үшін зертхананың бюджетін жоспарлауға және ұйымдармен өзара іс-қимыл туралы келісімшарттарды жасауға қатысады;

зертхананы құрал-жабдықтармен және зертхананың аспаптары мен жабдықтарын жөндеуді және инженерлік-техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

зертхана қызметкерлерінің техникалық білім алуын ұйымдастырады;

қажетті есепке алу және есептілік құжаттаманы жүргізеді;

өз құзыреті шегінде ұйымның қаржы-шаруашылық және ұйымдастыру қызметтеріне басшылық етеді;

ұйым қызметінде қаржылық тәртіпті сақтауды, жоспарлы тапсырмалардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

66. Білуі тиіс:

Конституция;

Бюджет кодексі;

Еңбек кодексі;

ӘРПК;

"Мемлекеттік мүлік туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

ДДҚА Дүниежүзілік допингке қарсы кодексі;

зертханаларға арналған халықаралық стандарттар, халықаралық нормативтік құжаттар, мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтік құжаттар, зертхананың қызметіне қатысты басшылық, нормативтік және анықтамалық материалдар;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

67. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлау бағыттарының бірі бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Биология" мамандығы бойынша биологиялық және сабақтас ғылымдар немесе "Химия" мамандығы бойынша физика және химия ғылымдары немесе "Фармация" немесе "Жалпы медицина", "Емдеу іс", "Медициналық-профилактикалық іс", "Санитария, гигиена, эпидемиология" немесе "Бизнес, басқару және құқық";

Дене шынықтыру және спорт саласында, денсаулық сақтау немесе басшылық лауазымдарда кемінде төрт жыл немесе Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған адамдар үшін кемінде бес жыл немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында немесе шетелдік жоғары оқу орындарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған адамдар үшін мамандық бойынша кемінде үш жыл немесе басшы лауазымдарда жұмыс өтілі жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша және кадрларды даярлау бағыттарының бірі бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін: "Биология" мамандығы бойынша биология және сабақтас ғылымдар немесе "Химия" мамандығы бойынша физика және химия ғылымдары немесе "Фармация" немесе "Жалпы медицина", "Емдеу дело", "Медициналық-профилактикалық іс", "Санитария, гигиена, эпидемиология" немесе "Бизнес, басқару және құқық" мамандығы бойынша денсаулық сақтау ғылымдары.

3-параграф. Допингке қарсы зертхана басшысының орынбасары (негізгі қызмет бойынша)

68. Лауазымдық міндеттері:

зертхананың барлық зерттеу топтарының тиімді жұмысын ұйымдастырады, зертхана жүргізетін өлшемдер мен сынақ талдауларының нәтижелерін үйлестіріп, дұрыстығын тексереді;

ішкі және сыртқы аудиттің жүргізілуін ұйымдастырады;

допингке қарсы бақылау жүргізу және допингке қарсы мәселелер бойынша ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар ұйымдастыру үшін методологиялық тәсілдерді әзірлеуге қатысады;

ДДҚА, ҚР ҰОК және басқа допингке қарсы ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асырады;

зертханаға жүктелген функциялар мен міндеттерді мамандардың уақтылы және сапалы орындауын ұйымдастырады;

зертханалық зерттеулер жүргізіп, олардың нәтижелеріне қол қояды;

сапа жүйесінің элементтеріне тексеріс жүргізеді, нормативтік құжаттарды өзектендіреді;

нормативтік құжаттама қорының жинақталуын жүзеге асырады және зертхананы қажетті нормативтік құжаттамамен қамтамасыз етеді;

сынақ нәтижелерін зертханааралық салыстыруларға қатысады;

зертханадағы құралдар мен жабдықтарға уақтылы инженерлік-техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

69. Білуі тиіс:

Конституция;

Еңбек кодексі;

"Мемлекеттік мүлік туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

ДДҚА Дүниежүзілік допингке қарсы кодексі;

зертханаларға арналған халықаралық стандарттар, халықаралық нормативтік құжаттар, мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтік құжаттар, зертхананың қызметіне қатысты басшылық, нормативтік және анықтамалық материалдар;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

70. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлау бағыттарының бірі бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Биология" мамандығы бойынша биологиялық және сабақтас ғылымдар немесе "Химия" мамандығы бойынша физикалық және химиялық ғылымдар немесе "Фармация" немесе "Жалпы медицина", "Емдеу іс", "Медициналық-профилактикалық іс", "Санитария, гигиена, эпидемиология" мамандығы бойынша денсаулық сақтау ғылымдары;

мамандығы бойынша немесе басшы лауазымдарда кемінде төрт жыл немесе Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған адамдар үшін кемінде бес жыл немесе

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында немесе шетелдік жоғары оқу орындарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған адамдар үшін мамандық бойынша кемінде үш жыл немесе басшы лауазымдарда жұмыс өтілі жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша және кадрларды даярлау бағыттарының бірі бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін: "Биология" мамандығы бойынша биологиялық және сабақтас ғылымдар немесе "Химия" мамандығы бойынша физика және химия ғылымдары немесе "Фармация" немесе "Жалпы медицина", "Емдеу іс", "Медициналық-профилактикалық іс", "Санитария, гигиена, эпидемиология" мамандығы бойынша денсаулық сақтау.

4-параграф. Аға ғылыми қызметкер

71. Лауазымдық міндеттері:

ДДҚА Дүниежүзілік допингке қарсы кодексіне, ДДҚА халықаралық стандарттары мен техникалық құжаттарына сәйкес химиялық және иммунологиялық зерттеулер жүргізеді;

сынақтардың толық және дұрыс жүргізілуін, нәтижелердің объективті және дұрыс болуын қамтамасыз етеді;

қажетті зертханалық құжаттамаларды жүргізеді, аспаптарға техникалық қызмет көрсету және допингке қарсы бақылау әдістері мен процедураларын стандарттау және валидациялау іс-шараларын өткізеді;

допингке қарсы бақылау жүргізу үшін әдістемелік тәсілдердің әзірленуіне қатысады, допингке қарсы бақылау мәселелері бойынша кеңес береді, әдістемелік көмек көрсетеді;

зертхана қауіпсіздігін, нәтижелердің құпиялығын, қорғау реттілігінің хаттамаларын және қолданатын әдістердің кез келгені үшін қалыпты операциялық процедураларды қамтамасыз етеді;

стандартты операциялық рәсімдерді, допингтік заттарды анықтау әдістемесін әзірлейді.

72. Білуі тиіс:

Конституция;

"Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

ДДҚА Дүниежүзілік допингке қарсы кодексі;

зертханаларға арналған халықаралық стандарттар, халықаралық нормативтік құжаттар, мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтік құжаттар, зертхананың қызметіне қатысты басшылық, нормативтік және анықтамалық материалдар;

еңбек заңнамасының негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

73. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Биология" мамандығы бойынша биологиялық және сабақтас ғылымдар немесе "Химия" мамандығы бойынша физикалық және химиялық ғылымдар немесе "Фармация" немесе "Жалпы медицина" мамандығы бойынша денсаулық сақтау, жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, ғылыми дәрежесі болған жағдайда-жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

5-параграф. Кіші ғылыми қызметкер

74. Лауазымдық міндеттері:

химиялық және иммунологиялық зерттеулерді жүзеге асырады;

допингке қарсы бақылау әдістері мен рәсімдерін стандарттау және валидациялау шараларын жүргізеді;

допингке қарсы бақылау жүргізу үшін әдістемелік тәсілдердің әзірленуіне, тыйым салынған субстанциялар мен тыйым салынған әдістер ретінде қолданылуы мүмкін қолданыстағы препараттар мен әдістер туралы деректер қорын әзірлеуге қатысады;

зертхана қауіпсіздігін, нәтижелердің құпиялығын, қорғау реттілігінің хаттамаларын және қолданатын әдістердің кез келгені үшін қалыпты операциялық процедураларды қамтамасыз етеді;

зертханалық хаттамамен қоса берілетін және талдама алудың белгіленген мерзімдерін сақтай отырып, айқын теңестірілген үлгілерді сынақтан өткізеді;

талдама нәтижелерінің дұрыстығын, объективтілігін және нақтылығын қамтамасыз етеді;

зертхананың техникалық құзыреттілігін тексеру немесе растау үшін бақылау сынақтарын жүргізеді.

75. Білуі тиіс:

Конституция;

"Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

ДДҚА Дүниежүзілік допингке қарсы кодексі;

зертханаларға арналған халықаралық стандарттар, халықаралық нормативтік құжаттар, мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтік құжаттар, зертхананың қызметіне қатысты басшылық, нормативтік және анықтамалық материалдар;

еңбек заңнамасының негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

76. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Биология" мамандығы бойынша биологиялық және сабақтас ғылымдар немесе "Химия" мамандығы бойынша физикалық және химиялық ғылымдар немесе "Фармация" немесе "Жалпы медицина" мамандығы бойынша денсаулық сақтау, мамандығы бойынша жұмыс өтілі 3 жыл, ғылыми дәрежесі болған, докторантураны тамамдаған және тағылымдамадан өткен жағдайда жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды, жоғары оқу орындарының кеңестерінен (факультеттер) ұсыныс болған айрықша жағдайда кіші ғылыми қызметкердің қызметіне жоғары оқу орнында оқу мерзімі уақытында жұмыс істеу тәжірибесін алған бітірушілер (магистратура) тағайындала алады.

6-параграф. Лаборант

77. Лауазымдық міндеттері:

ұйым бекіткен стандартты операциялық рәсімдерге сәйкес үлгілерді дайындауды жүргізеді;

реактивтердің дұрыс сақталуын және олардың уақтылы қолданылуын қамтамасыз етеді;

үлгілерді дайындау сынамаларының жаңа әдістерін игереді, зертхана мамандарының басшылығымен біліктілігін арттырады;

келіп түскен сынамаларды тіркеу журналына тіркейді;

жұмыс істеу үшін құралдарды, ыдыстарды және реактивтерді дайындайды;

еңбек қауіпсіздігі мен материалдық құндылықтарын сақтауды қамтамасыз етеді.

78. Білуі тиіс:

Конституция;

"Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

ДДҚА Дүниежүзілік допингке қарсы кодексі;

зертханаларға арналған халықаралық стандарттар, халықаралық нормативтік құжаттар, мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтік құжаттар, зертхананың қызметіне қатысты басшылық, нормативтік және анықтамалық материалдар;

еңбек заңнамасының негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

79. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"Зертханалық диагностика" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

7-параграф. Ұлттық допингке қарсы ұйым басшысы

80. Лауазымдық міндеттері:

ұйымның барлық құрылымдық бөлімшелерінің тиімді жұмысын ұйымдастырады;
ұйымның қызметі бойынша стратегиялық шешімдер қабылдайды;

ұйымға жүктелген қызметтер мен мақсаттардың мамандармен уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді;

ұйым қызметкерлерінің өз міндеттерін орындауда өкілеттіліктерін анықтайды;

допингке қарсы бақылауды жүзеге асырудың әдістемелік тәсілдерін, спортшыларды ұлттық тіркелген тестілеу пулына, білім беру бағдарламаларына енгізу критерийлерін анықтайды және бекітеді;

ДДҚА Дүниежүзілік допингке қарсы кодексіне, халықаралық стандарттарға және ДДҚА техникалық құжаттарына сәйкес ғылыми жобаларды жоспарлайды және бекітеді ;

Допингке қарсы мәселелер бойынша ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар өткізу және/немесе қатысу жоспарын бекітеді, ұйым қызметкерлерінің оқуын, даярлануын және қайта даярлануын үнемі ұйымдастырып отырады;

ДДҚА, допингке қарсы сала ғалымдарының дүниежүзілік қауымдастығымен, ҚР ҰОК және басқа допингке қарсы ұйымдарымен ынтымақтастықты ұйымдастырады;

ДДҚА біліктілік бағдарламаларына қатысады;

допинг-бақылау өткізгенде ақпараттың құпиялығын қамтамасыз етеді;

допингке қарсы бағдарламаны өткізу мәселелері жөнінде спорт түрлері бойынша ұлттық, халықаралық федерациялармен ынтымақтастықты жүзеге асырады;

сапа жүйесін енгізу және жетілдіру бойынша жұмыстарды үйлестіріп, әдістемелік жетекшілікті жүзеге асырады;

допинг-бақылауға сынамаларды алу және оның статистикасын жүргізу, спортшылар мен қосалқы персоналға (жаттықтырушылар, дәрігерлер) арналған білім беру бағдарламаларын өткізу бойынша ақпаратты тоқсан сайын дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға ұсынады;

допинг-бақылау сынамаларының жағымсыз нәтижелері туралы спортшыларға жолданатын ескертулерге қол қояды;

дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға, ДДҚА және халықаралық федерацияларға жағымсыз нәтижелер туралы ақпараттарды ұсынып, ДДҚА Дүниежүзілік Допингке қарсы кодексіне және ДДҚА тиісті техникалық құжаттарына сәйкес, спортшылар мен қосалқы персоналдың жарысқа қатысу құқығынан айыруға дейін қабылданған шешімдер мен қолданылған санкциялар туралы хабарлайды;

ұйымның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, өнім берушілер,

тапсырыс берушілер мен банктерді қоса алғанда кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (келісімшарттардың) орындалуын қамтамасыз етеді;

қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру, көтермелеу және жұмыстан шығару туралы шешім қабылдайды, ұйымның құрылымын, штаттық кестесін, ұйым қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдауда дербес жауапкершілікте болады;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

81. Білуі тиіс:

Конституция;

Бюджет кодексі;

Еңбек кодексі;

ӘРПК;

"Мемлекеттік мүлік туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

ДДҚА Дүниежүзілік допингке қарсы кодексі;

допингке қарсы бағдарламаны өткізуге қатысты нормативтік және анықтамалық материалдар;

Intermediate деңгейдегі ағылшын тілі;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

82. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлау бағыттарының бірі бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Фармация" немесе "Жалпы медицина", "Емдеу іс", "Медициналық-профилактикалық іс", "Санитария, гигиена, эпидемиология" мамандықтары бойынша денсаулық сақтау немесе "Биология" немесе "Дене шынықтыру және спорт" мамандықтары бойынша биологиялық және сабақтас ғылымдар, "Бизнес, басқару және құқық";

мамандығы бойынша басшылық лауазымдарда немесе тиісті ұйымдарда кемінде бес жыл, немесе Жұмыс органымен бекітілген шетелдік жоғары оқу орындарындағы басым мамандықтар бойынша немесе Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған адамдар үшін және денсаулық сақтау ғылымдары бойынша "Жалпы медицина" мамандығы бойынша

биологиялық және сабақтас ғылымдары немесе "Биология" мамандығы бойынша биологиялық және сабақтас ғылымдары кадрларды даярлау бағыттарының бірі бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін кемінде бес жыл еңбек өтілінің болуы.

8-параграф. Ұлттық допингке қарсы ұйым басшысының орынбасары (қаржы және ұйымдастыру қызметі бойынша)

83. Лауазымдық міндеттері:

өз құзыреті шегінде ұйымның қаржы-шаруашылық және ұйымдастыру қызметтеріне басшылық етеді;

ұйым қызметінде қаржылық тәртіпті сақтауды, жоспарлы тапсырмалардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;

ғылыми зерттеулер мен білім беру бағдарламаларының бюджетін және сметалық құжаттарын әзірлейді;

келісімшарттарды, ұйымдармен өзара іс-қимыл туралы келісімдерді және ұйымның қаржы-экономикалық мәселелері бойынша басқа да құжаттарды дайындау және жасау бойынша жұмыстарды жүргізеді;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

84. Білуі тиіс:

Конституция;

Бюджет кодексі;

Салық кодексі;

ӘРПК;

"Мемлекеттік мүлік туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алу туралы", "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы", "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

ДДҚА Дүниежүзілік допингке қарсы кодексі;

допингке қарсы бағдарламаны өткізуге қатысты нормативтік және анықтамалық материалдар;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар;

банк-клиент жүйелерінде жұмыс істеу технологиясы, компьютерлік бағдарламалар: 1С: сауда және қойма, 1С: бухгалтерлік есеп, эксел және т.б.

85. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлау бағыттарының бірі бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Жалпы медицина" мамандығы бойынша денсаулық сақтау немесе "Биология" немесе "Дене шынықтыру және спорт", "Бухгалтерлік есеп, талдау

және аудит", "Бухгалтерлік есеп және салық салу", "Қаржы, кредит және бухгалтерлік есеп" мамандығы бойынша биологиялық және сабақтас ғылымдар;

мамандығы бойынша немесе басшы лауазымдарда төрт жылдан кем емес, немесе Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған адамдар үшін кемінде бес жыл, немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында немесе шетелдік жоғары оқу орындарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған адамдар үшін мамандық бойынша кемінде үш жыл немесе басшы лауазымдарда жұмыс өтілі жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша және кадрларды даярлау бағыттарының бірі бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін: "Жалпы медицина" мамандығы бойынша денсаулық сақтау мамандығы бойынша биологиялық және сабақтас ғылымдар немесе "Биология" мамандығы бойынша биологиялық және сабақтас ғылымдар, "Дене шынықтыру және спорт", "Бухгалтерлік есеп, талдау және аудит", "Бухгалтерлік есеп және салық салу", "Қаржы, кредит және бухгалтерлік есеп" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар

9-параграф. Ұлттық допингке қарсы ұйым басшысының орынбасары (негізгі қызмет бойынша)

86. Лауазымдық міндеттері:

допинг-бақылау инспекторларының жұмысын қамтамасыз етеді, барлық допинг-хаттамалардың толтырылуын, сынамалар бойынша мәліметтердің тіркелуін бақылайды;

тиісті есепке алу - есеп беру құжаттамаларын жүргізеді;

ДДҚА стандарттары мен хаттамаларына сәйкес, допинг-бақылауға сынамалар алуға арналған жабдықтардың күйі мен санына бақылауды жүзеге асырады;

допингке қарсы бақылауды жүзеге асырудың, білім беру бағдарламаларын жүргізудің әдістемелік тәсілдерін әзірлейді және допингке қарсы мәселелер бойынша ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға қатысады;

ДДҚА, допингке қарсы сала ғалымдарының дүниежүзілік қауымдастығымен, ҚР ҰОК және басқа допингке қарсы ұйымдарымен ынтымақтастықты жүзеге асырады;

ДДҚА біліктілік бағдарламаларына қатысады;

допинг-бақылау жүргізгенде ақпараттың құпиялығын қамтамасыз етеді;

спортшылар мен қосалқы персоналға арналған білім беру бағдарламаларын әзірлейді;

ДДҚА Дүниежүзілік допингке қарсы кодексіне, халықаралық стандарттарға және ДДҚА техникалық құжаттарына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмыстары мен білім беру бағдарламаларын әзірлейді;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

87. Білуі тиіс:

Конституция;

Еңбек кодексі;

ӘРПК;

"Мемлекеттік мүлік туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

ДДҚА Дүниежүзілік допингке қарсы кодексі;

допингке қарсы бағдарламаны өткізуге қатысты нормативтік және анықтамалық материалдар;

Intermediate деңгейдегі ағылшын тілі;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

88. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлау бағыттарының бірі бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Жалпы медицина" мамандығы бойынша денсаулық сақтау немесе "Биология" мамандығы бойынша биологиялық және сабақтас ғылымдар немесе "Дене шынықтыру және спорт", "Бизнес, басқару және құқық";

мамандығы бойынша немесе басшы лауазымдарда кемінде төрт жыл, немесе Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған адамдар үшін кемінде бес жыл, немесе дене шынықтыру және спорт саласында кемінде үш жыл немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған адамдар үшін басшы лауазымдарда жұмыс өтілі шетелдік жоғары оқу орындарында жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша және кадрлар даярлау бағыттарының бірі бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін: "Жалпы медицина" мамандығы бойынша денсаулық сақтау немесе "Биология" немесе "Бизнес, басқару және құқық", "әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат" мамандығы бойынша биологиялық және сабақтас ғылымдар.

10-параграф. Допинг-бақылау инспекторы

89. Лауазымдық міндеттері:

ДДҚА тестілеу бойынша халықаралық стандарттарына сәйкес, биологиялық сынамаларды (қан, несеп) алу бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асырады;

спорттық іс-шаралар кезінде ДДҚА тестілеу халықаралық стандарттарына сәйкес жұмыс жүргізу үшін допинг-бақылау станцияларын дайындайды;

ДДҚА техникалық құжаттамалары мен хаттамаларына сәйкес, допинг-бақылау станцияларында жұмыстарды орындау үшін ілесушілердің даярлығын қамтамасыз етеді;

ДДҚА техникалық ережелері мен хаттамаларында белгіленген талаптарға сәйкес, допинг-бақылауға тестілеудің есеп беру-есепке алу нысандарын толтырып, ДДҚА сайтында мәліметтерді тіркейді;

сынамаларды беру тізбегінен өту қауіпсіздігін сақтауды және спортшының допинг-бақылаудан өтуі туралы ақпараттың құпиялығын қамтамасыз етеді;

жиналған биологиялық сынамаларды ДДҚА аккредитациялаған допингке қарсы зертханасына жеткізеді.

90. Білуі тиіс:

Конституция;

"Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

ДДҚА Дүниежүзілік допингке қарсы кодексі;

допингке қарсы бағдарламаны өткізуге қатысты нормативтік және анықтамалық материалдар;

еңбек заңнамасының негіздері;

Intermediate деңгейдегі ағылшын тілі;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

91. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) кәсіптік немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

11-параграф. Допинг-бақылау маманы

92. Лауазымдық міндеттері:

допингке қарсы бағдарламаны жүзеге асыру үшін әдістемелік әдістерді әзірлеуге қатысады;

допингке қарсы бақылау мәселелері бойынша кеңес беру-әдістемелік көмек көрсетеді;

допинг-бақылау бойынша тестілеу жөнінде есеп беру-есепке алу нысандарын жүргізу және деректерді ДДҚА-ның белгіленген техникалық ережелеріне және хаттамаларына сәйкес ВАДА ADAMS (Допингке қарсы Басқару Жүйесі) ресми сайтында тіркеуді жүргізеді;

спортшыларды тестілеудің ұлттық тіркелетін пулын қалыптастырады;

спортшылардың орналасқан жері туралы ақпарат жинау бойынша жұмысты жүзеге асырады;

допингке қарсы қамтамасыз ету бағдарламаларын бірлесіп жоспарлау және іске асыру мәселелері бойынша халықаралық спорттық және допингке қарсы ұйымдармен өзара әрекет етеді;

спортшылар мен көмекші қызметкерлер үшін білім беру бағдарламаларын жүргізеді ;

допинг-бақылау және допингке қарсы білім мәселелері бойынша әдістемелік нұсқаулықтар, ақпарат қағаздарын, буклеттер әзірлеуге қатысады;

ДДҚА біліктілік бағдарламаларына қатысады.

93. Білуі тиіс:

Конституция;

"Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

ДДҚА Дүниежүзілік допингке қарсы кодексі;

допингке қарсы бағдарламаны өткізуге қатысты нормативтік және анықтамалық материалдар;

еңбек заңнамасының негіздері;

Intermediate деңгейдегі ағылшын тілі;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

94. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) кәсіптік білімі, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

12-параграф. Жетекші ғылыми қызметкер

95. Лауазымдық міндеттері:

ДДҚА допингке қарсы кодексіне, халықаралық стандарттарына және ДДҚА техникалық құжаттарына сәйкес, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді;

допингке қарсы бағдарламаны іске асыру үшін әдістемелік тәсілдерді әзірлеуге қатысады;

допингке қарсы бақылау мәселелері бойынша кеңес беру-әдістемелік көмек көрсетеді;

допинг-бақылау және допингке қарсы білім бойынша әдістемелік нұсқаулар, ақпараттық парақшалар, буклеттер әзірлейді;

ДДҚА біліктілік бағдарламаларына қатысады;

зерттеулер мен допинг-бақылау бағдарламаларын өткізгенде ақпараттың құпиялығын қамтамасыз етеді.

96. Білуі тиіс:

Конституция;

"Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

ДДҚА Дүниежүзілік допингке қарсы кодексі;

допингке қарсы бағдарламаны өткізуге қатысты нормативтік және анықтамалық материалдар;

еңбек заңнамасының негіздері;

Intermediate деңгейдегі ағылшын тілі;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

97. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Биология" мамандығы бойынша биологиялық және сабақтас ғылымдар немесе "Химия" мамандығы бойынша физикалық және химиялық ғылымдар немесе "Фармация" немесе "Жалпы медицина" мамандығы бойынша денсаулық сақтау;

ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми атағының болуы.

5-тарау. Спорттық медицинадағы басшылар лауазымдарының біліктілік сипаттамалары

1-параграф. Ұйым басшысы

98. Лауазымдық міндеттері:

ұйымның өндірістік, әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық жұмысын басшылыққа алады;

спортшыларды уақтылы және сапалы медициналық-биологиялық және дәрілік қамтамасыз ету бойынша құрылымдық бөлімшелердің жұмысын және тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастырады;

барлық құрылымдық бөлімшелердің жұмысын және тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастырады, олардың қызметін спорттық медицинаны дамытуға бағыттайды;

спорттық дәрігерлердің, профильді мамандардың, массаж жасаушылардың және орта медициналық қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді, спорттық медицина саласында шетелдік тәжірибені зерттейді;

оның міндетіне жүктелген қаржылық, экономикалық, әкімшілік- шаруашылық сұрақтарын шешеді, қызметкерлерге – орынбасарларға, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына берілген жұмыстарды орындауға тапсырады, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, босату, ауыстыру, қолдау сұрақтарын шешуге жауапкершілікке алады;

ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды;

спортшыларды уақтылы және сапалы медициналық және фармакологиялық қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастырады;

көрсетілетін профилактикалық және емдік-диагностикалық көмектің жоғары сапасын қамтамасыз етеді;

сақтандыру қоры, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, өнім берушілер, тапсырыс берушілер мен банктерді қоса алғанда кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (келісімшарттардың) орындалуын қамтамасыз етеді;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдауда дербес жауапкершілікте болады;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

99. Білуі тиіс:

Конституция;

Бюджет кодексі;

Еңбек кодексі;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (бұдан әрі – "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" кодекс);

ӘРПК;

"Мемлекеттік құпиялар туралы", "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

Үкіметтің № 1193 қаулысы;

дене шынықтыру және спорт саласындағы нормативтік құқықтық актілер;

спорттық медицина;

дене шынықтыру және спорт саласындағы отандық және шетелдік тәжірибе, заманауи ақпараттық технологиялар;

еңбекті ұйымдастыру және басқару негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі бойынша талаптарын.

100. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Жалпы медицина" немесе "Емдеу іс" немесе "Педиатрия" немесе "Бизнес, басқару және құқық" мамандықтары бойынша денсаулық сақтау;

Денсаулық сақтау немесе дене шынықтыру және спорт саласында немесе басшы лауазымдарда кемінде бес жыл, спорттық медицина саласында кемінде бес жыл, Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін бес жыл емес, денсаулық сақтау немесе дене шынықтыру және спорт саласында немесе басшы лауазымдарда кемінде төрт жыл жұмыс өтілі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары

бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында немесе шетелдік жоғары оқу орындарында басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған адамдар үшін, және "Жалпы медицина" немесе "Бизнес, басқару және құқық" мамандығы бойынша "Денсаулық сақтау" кадрларын даярлау бағыты бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін.

2-параграф. Басшының орынбасары (қаржы және ұйымдастыру қызметі бойынша)

101. Лауазымдық міндеттері:

ұйымның экономикалық қызметін ұйымдастыруды және жетілдіруді жүзеге асырады;

ұйымның барлық бөлімшелерінің қызметтерін, сондай-ақ шаруашылық қызметті жетілдіруге арналған ұйымдастыру-техникалық шараларды әдістемелік тұрғыда басқару мен үйлестіруді жүзеге асырады;

ұйым қызметінде қаржылық тәртіпті сақтауды, жоспарлы тапсырмалардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;

ұйымның кешенді экономикалық талдауын және қаржылық-шаруашылық нәтижелерін бағалауды жүргізуді қамтамасыз етеді;

ұйымда қолданылатын жоспарлық, есепке алу және есеп беру құжаттарын жүргізуді және уақытында ұсынуды қамтамасыз етеді, ұйымның еңбек тиімділігін, қаржылық-шаруашылық дербестігін және экономикалық жауапкершілігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды дайындайды;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

102. Білуі тиіс:

Конституция;

Бюджет кодексі;

Еңбек кодексі;

ӘРПК;

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексі;

"Мемлекеттік мүлік туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

103. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Дене шынықтыру және спорт" немесе "Бизнес, басқару және құқық" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар;

мамандығы бойынша немесе басшы лауазымдарда кемінде төрт жыл немесе Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған адамдар үшін кемінде бес жыл немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында немесе шетелдік жоғары оқу орындарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған адамдар үшін мамандық бойынша кемінде үш жыл немесе басшы лауазымдарда жұмыс өтілі жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша және кадрларды даярлау бағыттарының бірі бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін: "Дене шынықтыру және спорт" немесе "Бизнес, басқару және құқық" мамандықтары бойынша педагогикалық ғылымдар немесе "Жалпы медицина" мамандығы бойынша денсаулық сақтау.

3-параграф. Басшының орынбасары (негізгі қызмет бойынша)

104. Лауазымдық міндеттері:

спортшыларға уақытылы және сапалы медициналық және дәрілік көмек көрсету жұмыстарын жүзеге асырады;

спортшыларды диспансерлік есепке уақытылы алуын қадағалайды және ұйымдастырады, емдік тексерудің толықтылығын, кезеңдік тексеру шараларын, диспансерлікке алғандағы сапасын талдау жұмыстарын қадағалайды;

дене шынықтыру-спорт ұйымдарымен спорттық шараларды және оқу-жаттығу жиындарын медико-биологиялық және дәрілермен қамтамасыз ету бойынша өзара әрекет етуді жүзеге асырады;

ұйымның емдеу-диагностикалық қызметті жоспарлау жөніндегі ұйымдастыру жұмысын жүзеге асырады;

көрсетілген медициналық қызметтердің сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады, медициналық техниканың ұтымды қолданылуын қамтамасыз етеді;

медициналық кадрлар еңбектерін ұтымды орналастыру мен ұйымдастыруды, олардың кәсіптік білімдері мен тәжірибелерін дамытуды қамтамасыз етеді;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

105. Білуі тиіс:

Конституция;

Еңбек кодексі;

ӘРПК;

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексі;

"Мемлекеттік мүлік туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

спорттық медицинаны;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

106. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Жалпы медицина" немесе "Емдеу іс" немесе "Педиатрия" немесе "Бизнес, басқару және құқық" мамандықтары бойынша денсаулық сақтау;

Денсаулық сақтау саласында немесе кадрларды даярлау бағыттарының бірі бойынша: "Жалпы медицина" мамандығы бойынша денсаулық сақтау немесе "Дене шынықтыру және спорт" немесе "Бизнес, басқару және құқық" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе Президенттік жастар кадрына қабылданған адамдар үшін кемінде бес жыл басшы лауазымдарда кемінде төрт жыл жұмыс өтілі Денсаулық сақтау саласында немесе адамдар үшін басшылық лауазымдарда кемінде үш жыл резерв, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында немесе шетелдік жоғары оқу орындарында жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша және кадрларды даярлау бағыттарының бірі бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін: "Дене шынықтыру және спорт" немесе "Бизнес, басқару және құқық" мамандықтары бойынша педагогикалық ғылымдар немесе "Жалпы медицина" мамандығы бойынша денсаулық сақтау.

6-тарау. Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыратын ұйымдар лауазымдарының біліктілік сипаттамалары

1-параграф. Ұйым басшысы

107. Лауазымдық міндеттері:

ұйымның өндірістік, әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды;

ұйымның саясатын, стратегиясын және оны іске асырудың тетіктерін айқындайды;

ұйымның барлық құрылымдық бөлімшелердің олардың қызметін жетілдіруге бағытталған өзара тиімді іс-қимылы мен жұмысын ұйымдастырады;

мүліктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

дене шынықтыру және спорт саласында аналитикалық жұмыстарды жүргізуді ұйымдастырады;

бұқаралық спортты басқару жүйесі мен ұйымдастыруды жетілдіру, жоғары білікті спортшыларды дайындау, спорт резервін іріктеу бойынша әдістерді, бағдарламалар мен ұсыныстарды әзірлеу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді;

дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;

дене шынықтыру және спорт саласында семинарлар, конференциялар, көрме-жәрмеңкелер ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

ұйым қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды, дене шынықтыру және спорт саласында алғы шетел тәжірибесімен алмасу және зерттеуді ұйымдастырады;

ұйымның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, өнім берушілер, тапсырыс берушілер мен банктерді қоса алғанда кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (келісімшарттардың) орындалуын қамтамасыз етеді;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдауда дербес жауапкершілікте болады;

қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру, көтермелеу және жұмыстан шығару туралы шешім қабылдайды, ұйымның құрылымын, штаттық кестесін, ұйым қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға ұйымның ғылыми-әдістемелік қызметі бойынша есебін ұсынады;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

108. Білуі тиіс:

Конституция;

Бюджет кодексі;

Еңбек кодексі;

ӘРПК;

"Мемлекеттік құпиялар туралы", "Білім туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

Үкіметтің № 1193 қаулысы;

дене шынықтыру және спорт саласындағы нормативтік құқықтық актілер;

педагогика, психология және физиология негіздері;

дене шынықтыру және спорт саласындағы отандық және шетелдік тәжірибе, заманауи ақпараттық технологиялар;

еңбекті ұйымдастыру және басқару негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі бойынша талаптарын.

109. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлау бағыттарының бірі бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Дене шынықтыру және спорт", "Бизнес, басқару және құқық" мамандықтары бойынша педагогикалық ғылымдар;

дене шынықтыру және спорт саласында немесе басшылық лауазымдарда кемінде бес жыл немесе Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған адамдар үшін кемінде бес жыл немесе дене шынықтыру және спорт саласында кемінде төрт жыл немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған адамдар үшін басшылық лауазымдарда жұмыс өтілі Қазақстан Республикасының Президентінде немесе шетелдік жоғары оқу орындарында жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша және кадрлар даярлау бағыттарының бірі бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін: "Дене шынықтыру және спорт", "Бизнес, басқару және құқық" мамандықтары бойынша педагогикалық ғылымдар.

2-параграф. Басшының орынбасары (қаржы және ұйымдастыру қызметі бойынша)

110. Лауазымдық міндеттері:

ұйымның экономикалық қызметін ұйымдастыруды және жетілдіруді, сондай-ақ ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар қызметін жүзеге асырады;

өткізілетін біліктілікті арттыру курстарында, семинарларда сабақтар өткізу үшін мамандарды тарту және қызмет көрсету шарттарын жасау бойынша жұмысты үйлестіреді;

жоспарланған басылымдарды шығаруға дайындау бойынша жұмысты үйлестіреді;

шығарылатын әдебиеттің полиграфиялық орындалу сапасын бақылау бойынша жұмысты жүзеге асырады;

қаржылық тәртіптің сақталуын, жоспарлы тапсырмалардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;

ұйымның белгіленген есептік құжаттамасының сапалы және уақтылы жасалуын қамтамасыз етеді;

қарасты бөлімшелердің қызметінде заңдылық сақтауды және олардың қаржылық басқару, келісімшарт және қаржылық тәртіптерді, әлеуметтік-еңбек қатынастарын нығайта отырып, құқықтық тәсілдерді пайдалануда шаруашылық-экономикалық байланыстарды жүзеге асыруды, еңбекте қолайлы және қауіпсіз жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

111. Білуі тиіс:

Конституция;

Бюджет кодексі;

Еңбек кодексі;

ӘРПК;

"Мемлекеттік мүлік туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

112. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлау бағыттарының бірі бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Дене шынықтыру және спорт", "Бизнес, басқару және құқық" мамандықтары бойынша педагогикалық ғылымдар ;

мамандығы бойынша немесе басшы лауазымдарда кемінде төрт жыл немесе Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған адамдар үшін кемінде бес жыл немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында немесе шетелдік жоғары оқу орындарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған адамдар үшін мамандық бойынша кемінде үш жыл немесе басшы лауазымдарда жұмыс өтілі жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша және кадрларды даярлау бағыттарының бірі бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін: "Дене шынықтыру және спорт", "Бизнес, басқару және құқық" мамандықтары бойынша педагогикалық ғылымдар.

3-параграф. Басшының орынбасары (негізгі қызмет бойынша)

113. Лауазымдық міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес оқу-әдістемелік және аналитикалық жұмыстарға жетекшілік етеді;

спортшыларды даярлау жөніндегі әдістемелік құралдарды әзірлеу мақсатында құрама командалар спортшыларының жарыстарда және оқу-жаттығу жиындарында даярлығы мен өнер көрсетуін талдайды;

әдістемелік комиссиялардың қызметін қамтамасыз етеді;

біліктілікті арттыру курстары мен дене шынықтыру мен спорт саласындағы мамандарды қайта даярлауды қамтамасыз етеді;

дене шынықтыру және спорт саласындағы оқу-әдістемелік құралдарды, тақырыптық жинақтарды, семинарларға, конференцияларға, көрме-жәрмеңкелерге материалдар шығару жұмыстарын үйлестіреді;

оқу-әдістемелік және талдау жұмысын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;

оқу-әдістемелік базаны есепке алуды, сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді;

оқу-әдістемелік және аналитикалық жұмыстарды ұйымдастырады және жоспарлайды;

дене шынықтыруды және спортты насихаттау бойынша жұмыстарды жүзеге асырады;

спорт түрі (түрлері) бойынша спорттық федерациялармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

114. Білуі тиіс:

Конституция;

Еңбек кодексі;

ӘРПК;

"Білім туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

педагогика, психология және физиология негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

115. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлау бағыттарының бірі бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Дене шынықтыру және спорт", "Бизнес, басқару және құқық" мамандықтары бойынша педагогикалық ғылымдар;

дене шынықтыру және спорт саласында кемінде төрт жыл немесе басшылық лауазымдарда немесе Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған адамдар үшін кемінде бес жыл, немесе дене шынықтыру және спорт саласында кемінде үш жыл немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған адамдар үшін басшылық лауазымдарда жұмыс өтілі Қазақстан Республикасының Президентінде немесе шетелдік жоғары оқу орындарында жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша және кадрлар даярлау бағыттарының бірі бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін: "Дене шынықтыру және спорт", "Бизнес, басқару және құқық" мамандықтары бойынша педагогикалық ғылымдар.

4-параграф. Дизайнер

116. Лауазымдық міндеттері:

дене шынықтыру және спорт саласындағы әдістемелік құралдарды, тақырыптық жинақтарды беттеуді жүзеге асырады;

шығарылатын әдебиетті көркем безендіру жұмыстарын орындайды;

шығарылатын полиграфиялық өнімнің дизайнын, эскиздерін әзірлейді;

полиграфиялық өнімнің графикалық бөлігін құрайды;

баспа материалдарын кесу, ламинациялау және қалыптастыру жұмыстарын жүргізеді.

117. Білуі тиіс:

Конституция;

"Білім туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

еңбек заңнамасының негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

118. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Дизайн" немесе "Полиграфия" немесе "Графика" мамандығы бойынша өнер және гуманитарлық ғылымдар, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

5-параграф. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскер

119. Лауазымдық міндеттері:

оқу-әдістемелік және талдау жұмыстарын жүргізеді;

дене шынықтыру және спорт саласындағы қазіргі заманғы оқу-әдістемелік базаны құру, дене шынықтыру және спорт саласындағы нормативтік құқықтық актілерді және басқа да әдістемелік материалдарды сараптау және өзектендіру бойынша жұмыс жүргізеді;

жоспарланған басылымдарды дайындау бойынша жұмыс жүргізеді: түзету, редакциялау, түпнұсқа-макеттерді дайындау, одан әрі шығару үшін полиграфияға жібереді;

дене шынықтыру және спорт саласында біліктілікті арттыру курстарын өткізу, мамандарды қайта даярлау, семинарлар, конференциялар, көрме-жәрмеңкелер өткізу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асырады;

дене шынықтыру және спорт саласында әдістемелік құралдар, тақырыптық жинақтар шығару бойынша жұмысты жүзеге асырады;

халықты спортпен айналысуға тартудың жаңа нысандарын іздестіруді және әзірлеуді жүзеге асырады;

өндірістік-есептік және есептік құжаттамаларды уақтылы және сапалы жүргізуді және ұйым басшылығына ұсынуды жүзеге асырады.

120. Білуі тиіс:

Конституция;

"Білім туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

педагогика, психология және физиология, еңбек заңнамасының негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

121. Біліктілікке қойылатын талаптар:

Еңбек өтіліне талап қойылмай кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: педагогикалық ғылымдар немесе "Бизнес және басқару".

6-параграф. Құрылымдық бөлімшенің (басқарма, бөлім, қызмет) басшысы

122. Лауазымдық міндеттері:

құрылымдық бөлімшенің жұмысына басшылық жасайды;
құрылымдық бөлімшенің жұмыс жоспарларын әзірлейді және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

құрылымдық бөлімшенің жұмыс нәтижелерін талдайды;

құрылымдық бөлімше үшін кадрларды іріктеуге қатысады;

құрылымдық бөлімшенің жұмысы туралы есептерді уақтылы жасауды және басшылыққа ұсынуды ұйымдастырады;

құрылымдық бөлімшеге бекітілген міндеттер мен функцияларды тиісінше орындауды жүзеге асырады;

өз құзыреті шегінде басқа ұйымдармен және құрылымдық ұйымдармен жұмыс жүргізеді;

спортшылар арасында және дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұжымдарында діни экстремизм мен терроризмнің таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

123. Білуі керек:

Конституция;

"Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;

педагогика, психология және физиология, еңбек заңнамасының негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі бойынша талаптар.

124. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: педагогикалық ғылымдар, "Бизнес, басқару және құқық";

дене шынықтыру-спорт ұйымдарында немесе ғылыми-әдістемелік және талдамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын ұйымдарда кемінде 1 жыл еңбек өтілі.

7-тарау. Қызметшілер лауазымдарының алфавиттік көрсеткіші

125. Қызметшілер лауазымдарының алфавиттік көрсеткіші дене шынықтыру және спорт ұйымдарының басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына қосымшада келтірілген.

Дене шынықтыру және спорт
ұйымдарының басшылары,

мамандары лауазымдарының
үлгілік біліктілік
сипаттамаларына
қосымша

Қызметшілер лауазымдарының алфавиттік көрсеткіші

р/р №	Лауазымның атауы	Параграф (§)
	1-тарау. Жалпы ережелер	-
	2-тарау. Басшылар лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	-
1.	Ұйым басшысы	§ 1
2.	Басшының орынбасары (қаржы және ұйымдастыру қызметі бойынша)	§ 2
3.	Басшының орынбасары (негізгі қызмет бойынша)	§ 3
4.	Жастар (жасөспірімдер) құрама командасының аға жаттықтырушысы	§ 4
5.	Қазақстан Республикасы құрама командасының (спорт түрі бойынша ұлттық құрама команданың) бас жаттықтырушысы	§ 5
6.	Құрама команданың бастығы	§ 6
7.	Мемлекеттік жаттықтырушы	§ 7
8.	Спорт жөніндегі құрылымдық бөлімшенің (басқарма, бөлім, қызмет) басшысы	§ 8
9.	Спорт түрінен (түрлерінен) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аға жаттықтырушысы	§ 9
	3-тарау. Мамандар лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	-
10.	Аға жаттықтырушы	§ 1
11.	Әдіскер	§ 2
12.	Жаттықтырушы	§ 3
13.	Дене шынықтыру және спорт бойынша нұсқаушы	§ 4
14.	Нұсқаушы-спортшы	§ 5
15.	Сервис бойынша жаттықтырушы	§ 6
16.	Спорт бойынша аға жаттықтырушы-оқытушы	§ 7

17.	Спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушы	§ 8
18.	Спорт қаруының нұсқаушысы	§ 9
19.	Жаттықтырушы-кеңесші	§ 10
	4-тарау. Допингке қарсы ұйымдар лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	-
10.	Допингке қарсы зертхана басшысы	§ 1
21.	Допингке қарсы зертхана басшысының орынбасары (қаржы және ұйымдастыру қызметі бойынша)	§ 2
22.	Допингке қарсы зертхана басшысының орынбасары (негізгі қызмет бойынша)	§ 3
23.	Аға ғылыми қызметкер	§ 4
24.	Кіші ғылыми қызметкер	§ 5
25.	Лаборант	§ 6
26.	Ұлттық допингке қарсы ұйым басшысы	§ 7
27.	Ұлттық допингке қарсы ұйым басшысының орынбасары (қаржы және ұйымдастыру қызметі бойынша)	§ 8
28.	Ұлттық допингке қарсы ұйым басшысының орынбасары (негізгі қызмет бойынша)	§ 9
29.	Допинг бақылау-испекторы	§ 10
30.	Допинг бақылау-маманы	§ 11
31.	Жетекші ғылыми қызметкер	§ 12
	5-тарау. Спорттық медицинадағы басшылар лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	-
32.	Ұйым басшысы	§ 1
33.	Басшының орынбасары (қаржы және ұйымдастыру қызметі бойынша)	§ 2
34.	Басшының орынбасары (негізгі қызмет бойынша)	§ 3
	6-тарау. Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жүзеге асырылатын ұйымдар лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	-
35.	Ұйым басшысы	§ 1

36.	Басшының орынбасары (қаржы және ұйымдастыру қызметі бойынша)	§ 2
37.	Басшының орынбасары (негізгі қызмет бойынша)	§ 3
38.	Дизайнер	§ 4
39.	Әдіскер	§ 5
40.	Құрылымдық бөлімшенің (басқарма, бөлім, қызмет) басшысы	§ 6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК